

Балқаштық әйелдер – әр майдан даласында

Кенес елінің әйелдері майданға кеткен ерлерінің орнын колхоздар мен өндіріс орындарында ғана басып коймай, ерлермен бірге қолдарына кару алып, әскери сапка да қатар түруларына тұра келді. Соғыска катысқан барлық елдердің әйел азаматшалары әскерге шақырылғанымен дәл КСРО-дай жаппай шақырылып, ерлермен қатар майдан шебінің алдынғы қатарларындағы окоңгарда соғыс киындығын көтеруге мәжбүр болған әйелдер басқа елдерде болған жоқ. Соғыс қарсанында Қызыл Армия қатарында бірде-бір әйел әскери кызметте болмаса, соғыс майдандарында Кенес әйелдері итремеген әскери мамандық түрі мүлде болмаған еді. Тіпті тәні де, жаны да нәзік әйелдердің ондаған тонналық танк!!! штурвалында отыруы мүлде сөзбен айтып жеткізуге болмайтын ерлік.

Ен кереметі, соғыс бастала сала шынайы патриоттық сезіммен отан қорғаушылар қатарына ұмтылған қазақстандық еріктілердің 40% әйелдер болған, және бұл КСРО бойынша ен жоғарғы көрсеткіш еді. Соғыс жылдарында Кенестер елі бойынша 34 миллиондай адам әскер қатарына шакырылса, олардың 1 миллиондайы әйелдер болды.



Н.И.Лапшина



Балқаштық әйелдер – әр майдан даласында

жалгасы

Қазақстандық 5183 әйелдер қатардағы жауынгерлер мен сержанттық құрамында согысқа қатысты. Әуелде, согыс басында тек ез еріктерімен түскен болса, майдан даларапында қалыптасқан ауыр жағдайға байланысты Кеңес өкіметінің шешімімен 1942 – жылдан бастап арнайы тұрақты тұрде әскер қатарына шақырыла бастады. Соғыс жылдарында майдан окоптарында елімізді фашистік басқыншылардан қолдарына қару алып қорғаган жауынгер әйелдер қатарында 22 балқаштық арулар да болды. Алтай елкесінде дүниеге келіп, сол жерден 1942 – жылы майданға аттанған, соғыс аяқталғаннан соңғы өмірі Балқаш қаласында өткен Федосья Яковлевна Ларцева жауынгерлік жолын Калинин майданында 883-аэрором қызметі батальонында байланышы болып бастаған еді.



V. D. Лысикова



Z. A. Кузнецова



L.S. Шапошникова



S.S. Суна耶ва



Денес Женіс шекінесі балқаш

Балқаштық әйелдер – әр майдан даласында

жалғасы

1942 - жылы, сәуір айында әскер катарына шакырылған тағы бір жерлесіміз Марина Никитична Данникова ұстаздық мамандығын әскери - байланысшы мамандығына ауыстыруға мәжбүр болды. Ол 1- Прибалтика майданында, 5 - танк корпусы қатарында соғыс даласына еніп, Смоленск, Брянск, Орел-Курск ііні, Белоруссия, Литва, Шығыс Пруссия жерлеріндегі қанды шайқастарға қатысты, Минск, Каунас, Кенигсберг, Пилау порты сияқты ірі қалаларды алу үшін болған шайқастарда жауынгерлер қатарында болды. Соғыс аяқталғаннан кейін бейбіт өмірге, ұстаздыққа қайта оралған ардагердің «Қызыл Жұлдыз», «Отан соғысы» ордендері мен «Ерлігі үшін», «Кенигсбергті алғаны үшін» жауынгерлік маралғаттарының қатарына, жас ұрпакты білім нұрымен сусыннатудағы жетістіктері үшін ие болған «Құрмет белгісі» ордені мен «Қазақ КСР білім беру ісінің үздігі» ағағы белгісі қосылды.

Ленинград майданында 364 - дивизия құрамында байланысшы-жауынгер болып, әскери бөлімімен Эстония, Латвия, Польша, Германия елдеріндегі болған шайқастағы қатысқан тағы бір балқаштық ару-жауынгер – Валентина Васильевна Байденованың жауынгерлік жолы «Біз жарты Европа даласынан өттік»- әнінің кейіпкері болғандай еді.



Д.Н.Данникова



Балқаштық әйелдер – әр майдан даласында

жалғасы

Балқаштық ару-жауынгер өмірбаяндарына көз салсақ соғыс кезіндегі майдан далалары географиясын толық қамти алатынымызға көзіміз жетеді. Мәселең, жауынгерлік жолын Солтүстік Кавказда пулеметшілер ротасында пулеметші, кейіннен байланысшылар қатарына қосылған Варвара Дмитриевна Гордеева да жау әскерлерінің шабуылын тойтаруға қатысып, осы Кавказ өлкесінде жеңісті қарсы алады. Ал Александра Ивановна Осиповна Заполярьеде зениттік полкте әскери қызметте болса, Клавдия Ивановна Кочетова мен Ольга Борисовна Коркиналар Қызы Шығыс Приморьесінің жауынгерлік шептерінде, ал Нина Николаевна Шумарова мен Анна Станиславовна Клевцвалар Белоруссиядағы жасырын ұйым мен партизандар қатарында жауға қарсы ұрыстарға қатысты..

Ленинград блокадасы кезіндегі шайқастарға қатысқан тагы бір жерлесіміз Дарья Николаевна Нестерова блокада құрсауы ажырағаннан кейін теміржол магистралін қалпына қелтіруге қатысып, жауынгерлік жолын аяқтап Конырат кентіне оралды



V.A. Комарова



З. А. Кузнецова



Балқаштық әйелдер – әр майдан даласында жалғасы

Майдангер апамыз төсінде «Ленинградты корғағаны үшін» медалі оның осы ауыр жауынгерлік өміріне берілген бага еді. Согыс жылдарында Омбы қаласында әскери госпитальде санитар болып жүргенде өз еркімен майданға аттанып, санитарлық поезда әскери санитарлық қызмет еткен Надежда Владимировна Поспелова Балқаш қаласына оралып, бейбіт өмірде дәрігерлік қызметін жалғастырып, «КСРО денсаулық сақтау ісінің үздігі» атагына ис болды. Өкінішік сорай, бүгіндегі Ұлы Жеңістің 75 жылдық мерейтойына дайындалып жатқан балқаштықтардың қатарында, 18-20 – га толған жастық шактарында колдарына кару алыш ерлермен бірге жауынгерлік сапта болған жауынгер-балқаштық арулардың ешқайсысы қатарымызда жоқ, алайда олардың елімізді жаудан қорғап қалудағы ерліктері мәнгілік есімізде.



Л.С.Шапошникова



С.С.Суніцкая

